



ЖИ Жүйесінің пайдаланушылық келісімі

1. Осы ЖИ жүйесінің пайдаланушылық келісімі (бұдан әрі – Келісім) бұдан әрі «Kaspi» деп аталатын «Kaspi Bank» АҚ (БСН 971240001315) мен бұдан әрі «Сіз» немесе Пайдаланушы деп аталатын пайдаланушының арасында жасалды.
2. ЖИ жүйесін қолданар алдында Сіз осы Келісімнің, <https://guide.kaspi.kz/client/ru/bank/documents/usloviya-predostavleniya-elektronnyh-bankovskih-uslug-kaspi-bank> мекенжайы бойынша сайтта орналастырылған Электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінің, сондай-ақ <https://guide.kaspi.kz/client/ru/app/documents/Politika-konfidentsialnosti-i-obrabotki-personalnykh-dannykh-mobilnogo-prilozheniya-Kaspi.kz> мекенжайы бойынша сайтта орналастырылған Kaspi.kz мобильді қосымшасындағы дербес деректерді өңдеу және құпиялылық саясатының талаптарымен мұқият танысып, оларды сақтауға міндеттісіз.
3. Kaspi Келісімнің әр тармағымен және Келісімде аталған әр құжатпен мұқият танысуды табанды түрде ұсынады.
4. Егер Пайдаланушы Келісімнің талаптарымен келіспесе, ол Мобильді қосымшаны өшіріп, ЖИ жүйесін пайдалануды тоқтатуға міндетті.
5. **Терминдердің анықтамалары:**
 - 1) **Kaspi** – «Kaspi Bank» АҚ, ЖИ жүйесінің операторы;
 - 2) **Байланыс арнасы** – электрондық пошта (e-mail), пошталық байланыс, Kaspi.kz, мобильді банкинг, SMS-хабар, Мобильді қосымшадағы хабарламалар, соның ішінде Push-хабарламалар, телефон, факс, банкомат, төлем терминалдары, Мобильді қосымша арқылы Клиентке ақпарат беру құралдары және Kaspi айқындайтын талаптарда және тәртіппен пайдаланылатын өзге құралдар;
 - 3) **Жеке кабинет** – Мобильді қосымшадағы Пайдаланушының есептік жазбасына тіркелген Пайдаланушының жеке бөлімі;
 - 4) **Мобильді қосымша** – Kaspi.kz мобильді қосымшасы;
 - 5) **ЖИ нәтижесі** – Пайдаланушының сұратуларына жауап ретінде Тауарларға қатысты ЖИ жүйесі жасаған мәтіндер, суреттер, аудио- және бейнематериалдар, жауаптар, ұсыныстар, сондай-ақ кез келген басқа деректер немесе автоматты түрде жасалатын әрекеттер;
 - 6) **Сайт** – <https://kaspi.kz>;
 - 7) **ЖИ жүйесі** – жасанды интеллектінің бір немесе бірнеше моделі негізінде жұмыс істейтін және Пайдаланушының сұратуларына «Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII Заңына сәйкес жауап ретінде ЖИ нәтижесін қалыптастыратын ақпараттандыру объектісі.
6. Пайдаланушы Келісімге Акцепт жасау арқылы қосылады. Акцепт – жасалуы Пайдаланушының Келісім жасасуға ниетін растайтын әрекеттер, оның ішінде Мобильді қосымшаға тіркелу, ақпарат енгізу, Мобильді қосымшада және/немесе Сайтта сұратулар жіберу/деректерді жүктеу, AI жүйесінің функцияларын пайдалану.
7. Келісім барлық Пайдаланушыға қолданылады, ЖИ жүйесінің жұмысының барысын реттейді және Тараптар үшін міндетті.
8. Мобильді қосымшаны/ЖИ жүйесін пайдалану Пайдаланушының Келісіммен алып тастаусыз және шектеусіз толық көлемде келіскенін және танысқанын растайды.
9. Пайдаланушыға ЖИ жүйесіне қолжетімділік ол Мобильді қосымшада тіркелген кезде беріледі.
10. ЖИ жүйесін пайдаланып және Келісімнің талаптарын қабылдай отырып, Пайдаланушы Келісімді жасасу және орындау үшін қажетті барлық құқықтары мен өкілеттіктерінің бар екеніне кепілдік береді және оны растайды.
11. **ЖИ жүйесінің пайдалану сипаттамалары, шектеулері.**
 - 11.1. Тараптар Банктің сервистері ЖИ жүйесі пайдаланылып жұмыс істейтінін мойындайды.
 - 11.2. **ЖИ жүйесінің функционалы сонымен бірге мыналарды қамтиды:**

- ЖИ жүйесімен өзара әрекет ету чаты;
- Мәтіндер мен аудиоматериалдарды генерациялау;
- Мобильді қосымшада және/немесе Сайтта контент іздеу;
- Биометриялық сәйкестендіру/аутентификациялау (Пайдаланушының физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерінің негізінде оның жеке басын анықтау рәсімі);
- Мобильді қосымшаның интерфейсында және/немесе Сайтта сипатталған өзге функциялар.

11.3. ЖИ жүйесі қалыптастыратын нәтиже тек қана ақпараттық-анықтамалық сипатта болады және:

- оферта;
- кез келген қызметтің кепілдендірілген нәтижесіне берілген уәде;
- кәсіби кеңес және (немесе) ұсыным болып табылмайды.

11.4. Пайдаланушы ЖИ нәтижесі толық, анық болмауы мүмкін, ескірген және қателер болуы мүмкін екенімен келіседі.

Пайдаланушы ЖИ нәтижесінің шынайылығын өз бетінше бағалауға міндетті және олардың негізінде қабылдаған шешімдері мен әрекеттері үшін жауапкершілік атқарады.

11.5. ЖИ нәтижесі Kaspi-дің таңдауы бойынша тәсілімен заңнамада талап етілетін көлемде таңбалаңады.

11.6. Егер қауіпсіздікті немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзу қаупі бар болса, Kaspi ЖИ жүйесін ұсынадан бас тартуға құқылы.

11.7. Сіз электрондық пошта, Сайт, телефон қоңыраулары немесе факс және/немесе басқа байланыс арналары арқылы Kaspi-дің ЖИ жүйесін пайдалануға байланысты хабарламаларды жібере алатынымен келісесіз.

12. Басқа біреудің аккаунтын, биометриялық деректерін пайдалануға немесе алдау әрекеттерін жасауға кез келген әрекет Kaspi-ге қызмет көрсетуден бас тарту, ЖИ жүйесіне қолжетімділікті тоқтату және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шараларды, оның ішінде жосықсыз Пайдаланушыларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға байланысты шараларды қолдану құқығын береді.

13. Қайтадан қосылу үшін құрылғы арқылы немесе басқа да қолжетімді тәсілдермен экрандағы нұсқаулықтарды орындай отырып, рәсімнен қайта өту қажет.

14. Пайдаланушы:

14.1. Мобильді қосымша және/немесе өзге Байланыс арналары арқылы Kaspi-ден ЖИ жүйесінің қызметінің нәтижесі туралы түсініктемелерді алуға;

14.2. Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын, ақпараттың құпиялылығы мен коммерциялық құпияны қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды ескере отырып, Kaspi-ден Мобильді қосымша арқылы ЖИ жүйесінің шешім қабылдауына негіз болған деректер туралы ақпаратты мына көлемде сұратуға құқылы:

- Пайдаланушы ұсынған деректер;
- ЖИ нәтижесін беру үшін пайдаланылған басқа деректердің дереккөзіне сілтеме.

15. Автоматтандырылған өңдеу.

15.1. Пайдаланушы Kaspi ЖИ жүйесі шеңберінде тексерулердің нәтижелерін және өзге де қорытындыларды қалыптастыруды қоса алғанда, жекелеген кезеңдерде деректерге автоматтандырылған өңдеу жүргізе алатыны және/немесе адамның қатысуынсыз шешімдер қабылдай алатыны туралы хабардар етілді;

15.2. Автоматтандырылған өңдеу Пайдаланушыдан және/немесе интеграцияланған дереккөздерден (бар болса) кіріс деректерді алуды, оларды өңдеуді, нәтижені қалыптастыруды қамтуы мүмкін;

15.3. ЖИ жүйесінің нақты функциясына қарай автоматтандырылған өңдеу нәтижесі соның ішінде:

- Мобильді қосымшаның/ЖИ жүйесінің/Банктің сервистерінің жекелеген функцияларына қолжетімділік беруге/оны шектеуге;
- Kaspi-дің қалауы бойынша қауіпсіздік шараларын қолдануға әкелуі мүмкін.

15.4. Пайдаланушы Байланыс арналары бойынша қарсылықтарын жіберу арқылы автоматтандырылған өңдеу нәтижесіне және/немесе шешімдерге қарсылық білдіруге құқылы.

16. Жауапкершілік.

16.1. Пайдаланушы ЖИ жүйесін пайдаланған кезде Мобильді қосымшада және/немесе Сайтта жасалған іс-әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

16.2. Kaspi тек Келісімде тікелей көрсетілген міндеттемелер үшін және Пайдаланушыға келтірілген нақты залал мөлшерінде ғана жауапкершілік атқарады.

16.3. Kaspi:

- салдарын болдырмау немесе жою мүмкін емес еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне байланысты міндеттемелерді орындамағаны немесе міндеттемелерді орындаудағы қиындықтар үшін;
- Пайдаланушының ЖИ нәтижесінің негізінде жасалған әрекеттері/әрекетсіздігі үшін;
- ЖИ нәтижесін пайдаланудың салдары, соның ішінде ЖИ нәтижесін пайдалануға байланысты туындаған, Пайдаланушының шығыны үшін **жауапкершілік атқармайды**.

17. Пайдаланушыға:

- 17.1. ЖИ жүйесінің жұмыс тәртібін бұзатын кез келген құрылғыларды, бағдарламаларды, рәсімдерді, алгоритмдер мен әдістерді, автоматты құрылғыларды немесе баламалы қол процестерін пайдалануға;
- 17.2. ЖИ жүйесінің жұмысын қолдайтын құрылғылардағы қауіпсіздік немесе аутентификация жүйесін бұзуға;
- 17.3. Мобильді қосымша мен ЖИ жүйесінің жұмысына араласуға, техникалық шектеулерді айналып өтуге тырысуға, бастапқы кодты өзгертуге/түрлендіруге;
- 17.4. ЖИ жүйесін және оның мазмұнын Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған кез келген мақсатта пайдалануға, сондай-ақ кез келген заңсыз қызметке немесе Kaspi-дің және/немесе басқа тұлғалардың құқықтарын бұзатын басқа қызметке итермелеуге;
- 17.5. Үшінші тұлғалардың дербес деректерін қоса алғанда, алдын ала заңсыз екені белгілі контентті заңды негізсіз/келісімсіз енгізуге;
- 17.6. Зияткерлік меншік құқығын бұзатын контентті жүктеуге/жасауға/таратуға;
- 17.7. Пайдаланушының ашуға құқығы жоқ деректерді, соның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді енгізуге **тыйым салынады**.

18. Дербес деректерді жинау және өңдеу

- 18.1. ЖИ жүйесін және/немесе Мобильді қосымшаның өзге құралдарын пайдалана отырып, Пайдаланушы Kaspi-ге <https://guide.kaspi.kz/client/ru/app/documents/Perechen-personalnyh-dannyh> мекенжайы бойынша сайтта аталған, ең аз дегенде, ЖИ жүйесін пайдалану үшін қажетті дербес (оның ішінде биометриялық) деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.
- 18.2. Пайдаланушылар қолдау қызметіне жүгінген кезде, ЖИ жүйесінің жұмысы шеңберінде Пайдаланушының сұратуын орындау және қажет болған жағдайда кері байланыс алу үшін қажетті жеке ақпаратты жинай алады.
- 18.3. Kaspi Жеке кабинетте көрсетілген қолда бар байланыс ақпаратын пайдалана отырып, Пайдаланушымен байланыса алады, Пайдаланушылармен байланысқаны туралы, мысалы, клиенттердің қолдау қызметіне Пайдаланушылар берген кез келген сұрату немесе Пайдаланушылар ұсынатын кез келген кері байланыс туралы басқа ақпаратты жинай алады.
- 18.4. Kaspi Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қолжетімділік алуынан қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
- 18.5. Kaspi Пайдаланушының дербес деректерін Пайдаланушыларға қызмет көрсету, ЖИ жүйесін ұсыну, ЖИ жүйесінің және/немесе Мобильді қосымшаның жұмысы жөніндегі мәселелер бойынша Пайдаланушыларға кеңес беру мақсаттары үшін кез келген қолжетімді байланыс арналары арқылы жинайды және өңдейді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пайдаланушылардың сұратуларын өңдейді.

19. Қолданылу мерзімі және өзге талаптар

- 19.1. Келісім Акцепт жасалған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.
- 19.2. Kaspi кез келген уақытта, соның ішінде Пайдаланушы Келісімнің талаптарын бір рет бұзған кез келген жағдайда Пайдаланушыға хабарламай және себептерін түсіндірмей, қандай да бір шығынды немесе залалды өтемей ЖИ жүйесіне кіруді және оны пайдалану мүмкіндігін тоқтата тұруға құқылы.
- 19.3. Kaspi ЖИ жүйесін пайдалану ережелерін өзгертуге, сондай-ақ Келісімнің мазмұнын өзгертуге құқылы. Өзгерістер Келісімнің жаңа редакциясы Сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.
- 19.4. Егер Сіз Келісімнің жаңартылған редакциясымен келіспесеңіз, ЖИ жүйесін пайдалануды тоқтатуыңыз қажет; өзгерістер күшіне енген күннен кейін оны пайдалануды жалғастыру Сіздің Келісімнің жаңа редакциясымен толық келіскеніңізді білдіреді.
- 19.5. Мобильді қосымшаның мазмұнын құрайтын мәтіндер, суреттер, мультимедиялық материалдар, бағдарламалық кодтар, ақпараттық, жарнамалық материалдар және басқа да авторлық құқық объектілері авторлық құқықтармен қорғалған.
- 19.6. Келісімнің аясында туындаған барлық даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Дауды келіссөздер жүргізу арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Kaspi-дің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешіледі.
- 19.7. ЖИ жүйесінің жұмысына қатысты барлық ақпарат осындай ақпаратты Сайтта және/немесе Мобильді қосымшада орналастыру арқылы Пайдаланушының назарына жеткізіледі.
